

Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы Мемлекетаралық Кеңесінің үкімет басшылары деңгейіндегі тоғызыншы мәжілісін дайындау және өткізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2004 жылғы 23 ақпандағы N 45-ө өкімі 2004 жылғы 26-27 ақпан кезеңінде Алматы қаласында Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы Мемлекетаралық Кеңесінің үкімет басшылары деңгейіндегі тоғызыншы мәжілісін дайындау және өткізу үшін:

1. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі 2004 жылғы 26-27 ақпан кезеңінде Алматы қаласында Еуразиялық экономикалық қоғамдастығы Мемлекетаралық Кеңесінің мәжілісін (бұдан әрі - мәжіліс) дайындау және өткізу жөніндегі протоколдық-ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етсін.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы (келісім бойынша): қосымшаға сәйкес Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы және Тәжікстан Республикасы ресми делегацияларының (бұдан әрі - делегациялар) мүшелерін орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету жөнінде қажетті шаралар қабылдасын;

2004 жылға арналған республикалық бюджетте "Мемлекет басшысының, Премьер-Министрдің және мемлекеттік органдардың басқа да лауазымды тұлғаларының қызметін қамтамасыз ету" бағдарламасы бойынша көзделген қаражат есебінен мәжілісті өткізуге арналған шығыстарды қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі (келісім бойынша), Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті (келісім бойынша) делегациялар мүшелерінің әуежайдағы, тұратын және болатын орындарындағы қауіпсіздігін, сондай-ақ жүретін бағыттары бойынша бірге жүруді қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі белгіленген тәртіппен:

Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігімен бірлесіп, делегациялар басшыларының арнайы ұшақтарының Қазақстан Республикасы аумағының үстінен ұшып өтуін, Алматы қаласының әуежайына қонуын және одан ұшып шығуын;

Алматы қаласының әуежайында арнайы ұшақтарға техникалық қызмет көрсетуді, тұрағын және жанармай құюды қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасының Ақпарат министрлігі мәжілістің бұқаралық ақпарат құралдарында жариялануын қамтамасыз етсін.

6. Алматы қаласының әкімі делегацияларды қарсы алу және шығарып салу жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларының орындалуын, Алматы қаласының әуежайы мен көшелерінің безендірілуін қамтамасыз етсін.

7. Қазақстан Республикасының Республикалық ұланы (келісім бойынша) Алматы қаласының әуежайында делегациялар басшыларын күтіп алу мен шығарып салу салтанатына қатыссын, Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атынан ресми қабылдау кезінде концерттік бағдарлама ұйымдастырсын.

8. Осы өкімнің іске асырылуын бақылау Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң

2 0 0 4

ж ы л ғ ы

2 0

а қ п а н д а ғ ы

№

4 5

ө к і м і н е

қосымша

Делегациялар мүшелерін

орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік

қызмет көрсету жөніндегі ұйымдастыру шаралары

1. Делегациялар мүшелерін 1+6 форматы бойынша Алматы қаласының қонақ үйлеріне орналастыру, тамақтандыру және оларға көліктік қызмет көрсету.

2. Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі қызметкерлерін делегациялар басшылары орналасқан жерлерге орналастыру.

3. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің, делегациялар басшыларының қатысуымен екі жақты кездесулер өткізу үшін залдарды жалға алу.

4. Баспа өнімдерін (бейдждер, автомобильдерге арнайы рұқсатнамалар, куверттік карталар, қабылдауға шақырулар) дайындау.

5. Делегациялар басшылары үшін сыйлықтар және кәдесыйлар сатып алу.

6. Делегацияларды Алматы қаласының әуежайында күтіп алу және шығарып салу кезінде шай дастарханын ұйымдастыру.

7. Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Д.К.Ахметовтің атынан ресми қабылдау ұйымдастыру.